



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

влиянию отца и матери [3].

Сегодняшняя практика работы органов опеки и попечительства, социальных служб показывает, что непосредственная работа с неблагополучной семьей начинается слишком поздно – на этапе, требующем применения уже только административных мер воздействия на родителей, вплоть до лишения их родительских прав. Вместе с тем, своевременно оказанная помощь могла бы спасти семью, оказавшуюся в социально опасном положении, оставить ребенка с родителями.

Семейное неблагополучие определяется государством как «одна из главных причин роста детской безнадзорности и беспризорности, а также социального сиротства»[4].

Профилактика – это важное направление деятельности в социально-педагогической работе по преодолению социального сиротства.

Мы предполагаем, что акцент в профилактике следует делать прежде всего на предупреждение того самого семейного неблагополучия, которое является основным фактором отказа.

Для того, чтобы построить систему профилактики социального сиротства, необходимо начинать оказывать помощь с самых первых сигналов семейного неблагополучия. Сегодня фокусом исследований и задачами профессиональной помощи должен выступать не столько поиск факторов риска, сколько защитных механизмов и возможностей окружения, в котором живет ребенок. Существенная задача – анализ потребностей семьи и возможностей заботиться о ребенке. Главной целью становится не изъятие ребенка из семьи и передача его на воспитание, а поддержка биологической семьи ребенка, т.к. все-таки семейному воспитанию принадлежит особое место по значимости влияния на рост и развитие ребенка.

Таким образом, социальное сиротство выступает одной из важнейших проблем, решение которой приобретает особую актуальность. Изучение причин данного феномена и нахождение технологий его профилактики – одна из важнейших предпосылок стабильности и развития общества.

Список использованных источников:

1. Адресный социальный патронаж семьи и детей: Научно-методическое пособие // Под ред. Л.С. Алексеевой. - М., 2000.
2. Программа «Дети Казахстана» на 2007-2011 годы.
3. Савинов, А.Н. Организация работы органов социальной защиты // А.Н.Савинов, Т.Ф.Зарембо. – М.: ИНФРА-М, 2001. – 98с.
4. Социальные науки и социальное образование (научная школа члена-корреспондента РАН В.И. Жукова). – М., 2004. 187 с. (Сер.: Научные школы МГСУ).
5. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства».
6. Данные комитета по охране прав детей Министерства образования и науки Республики Казахстан/ Общественного фонда "ДОМ", 2012 год.
7. Закон Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан» от 08.08.02г. №345-ІІ.
8. Дети социального риска и их воспитание./ Под науч. ред. Л.М.Шипицыной. СПб.: Речь, 2003. - 144 с.
9. Панина, Н.А. Профилактика сиротства: социальная работа с несовершеннолетними матерями // Н.А. Панина. – Минск, 2006.

УДК 374.7:378

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

Аманова Арай Кокоревна

amana1986@mail.ru

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығының PhD докторанты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Р.К.Төлеубекова

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген.

Әлемдік тәжірибе мен ұлттық практикаға сүйеніп жасалған бұл ресми құжатта әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген, олар: өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін проблеманың шешімін табу құзыреттілігі; ақпараттық құзыреттілік; білімді игерумен бірге жүретін қарым-қатынастық, коммуникативтік құзыреттілік.

Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, мектеп оқушыларына білімді өз бетінше еңбек етіп алатындай күйге жеткізе алатын, өзі де осы аталған құзыреттіліктерді меңгерген, кәсіби, дидактикалық құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімдер даярлау міндеті тұр [1].

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары ғана қарастырыла бастады. Осы орайда, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау мұғалімдерді кәсіби дайындау мәселесінің жан-жақты зерттелгенін байқатады.

Құзыреттілік теориясы Г.В.Вайлер, Ю.В.Койнов, Я.И.Лефстед, Н.В.Матяш, В.В.Серигов, Дж.Равен, Р.Уайт, В.Чинапах және т.б. еңбектерінде негізделген. Білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келуді жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру туралы мәселелер М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Давыдов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге уәкілеттілік шеңбері».

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады [2].

«Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік (латынның competentis-бейім сөзінен)–қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген [3].

Орыс тілінің сөздігінде «құзыреттілік» термині «әлдекімнің жақсы хабардар болуы мәселесі төңірегінде» берілген [3].

Латынның «compete» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды.

Шетел сөздіктері «құзыреттілік» сөзіне келесідей анықтама береді: тұлғаның немесе

мекеменің құқықтарға ие болуы. Ағылшын тілінде бұл сөз тұлғаның қасиеті ретінде анықталады. Яғни, қабілет деген сөзбен теңеседі [4].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктері жуырда ғана еңгізілген болатын. 1960 жылдың соңы мен 1970 жылдың басында батыс, содан соң 1980 жылдарда отандық әдебиеттерде –білім беруге құзыретті қатынас түсінігі қалыптаса бастады. Бұл кезеңде «құзыреттілік» пен «құзыретті» түсініктеріне нақты анықтама берілмеген. Бұл сұраққа байланысты ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Біз бұлардың кейбіреулеріне тоқталып өтеміз.

Эдинбургск университетінің профессоры, доктор Джон Равен бұл сұрақты қарастыруда белгілі ғалымдардың бірі болып есептеледі. Ол құзыреттілікке мынандай анықтама береді: бұл пәндік аймақта белгілі бір нақты тапсырмаларды сапалы орындауға бағытталған спецификалық қабілет, ерекше пәндік дағдылар, ойлау тәсілдері, сонымен қатар өз іс-әрекетіне жауапкершілікті сезіну.

Басқа зерттеулерде, «құзыреттілік» түсінігімен қатар «құзірет» түсінігі де қатар жүреді. «Құзырет» сөзіне де әр түрлі анықтамалар беріледі. Кейбіреулер бұл түсінікті «құзыреттілік» түсінігімен теңестірсе, ал кейбірі оны жеке сала ретінде қарастырады.

Д.И.Ушакованың жетекшілігімен шыққан сөздіктің авторлары алғашқы болып, құзіреттілік пен құзірет арасындағы айырмашылықты дәлдеуге тырысты: «құзіреттілік – хабардар болу, беделдің болуы, құзырет – сұрақтар мен құбылыстар жиынтығында нақты адам беделге, тәжірибеге ие».

Т.М.Сорокинаның ойынша, кәсіби құзіреттілік бұл мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінде теориялық және практикалық даярлығының арасындағы бірлік. Құзыреттілік мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі шеберліктің бір сатысы. Мұғалімнің құзыреттілігі – бұл тұлғаның әр түрлі типтегі педагогикалық тапсырмаларды шеше алу қабілетінің деңгейі.

Т.М.Сорокинаның зерттеулерінде, кәсіби құзырет мұғалімнің кәсіби даярлығының динамикалық және процессуалды жағы, кәсіби жоғарлаудың сипаттамасы, мотивациялық та, іс-әрекеттік те кәсіби өзгерулері [3].

М.И. Лукьянова психологиялық-педагогикалық құзыреттілік түсінігін белгілі бір қасиеттер жиынтығымен сипаттайды. Яғни тұлғаның педагогикалық іс-әрекетке жоғарғы деңгейдегі даярлығы, оқушылармен білім беру процесінде тиімді іс-әрекетін көрсетеді. Психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктің компоненті ретінде, ол психологиялық-педагогикалық бағдар блоктарын жатқызады.

А.В. Хуторской «құзыреттілік» пен «құзырет» түсініктерін былай ажыратады. Құзырет - белгілі бір заттар мен процесстерге қатынасына байланысты туындайтын, оларға сапалы түрде әрекет етуге бағытталған тұлғаның өзара байланысқан қасиеттер жиынтығы (білімдер, дағды, шеберлік). Құзыреттілік – адамның құзыретке ие болуы.

Сонымен қатар, А.В. Хуторской білім беру құзыретін бөлек сала ретінде қарастырады. Оған былай анықтама береді: мағыналық бағдарлар, білімдер, шеберлік пен дағдылар жиынтығы. Ол жай «құзірет» пен «білім берудегі құзіретті» ажырату керек деп есептейді [4].

Қазақстанда құзыреттілік мәселесімен, кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), М.В.Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру), С.И.Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген.

Г.М. Коджаспирова «педагог құзыретті педагог болу үшін белгілі бір педагогикалық шеберлікті игеруі қажет» дейді.

Бірақ, С.Е. Шишова және В.А.Кальней құзырет пен шеберлік түсініктерінің арасындағы айырмашылықтарды нақты ажыратады. «Шеберлік – бұл өзгеше жағдайдағы әрекет. Іс-әрекеттегі құзыреттілік шеберлік болып есептеледі. Құзырет – шеберлікті туындатады» [3].

Сонымен, қазіргі заманғы педагогикада «құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктеріне біршама қайшылықты ситуация қалыптасқан. Зерттелініп отырған проблеманы ашып айту үшін «құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктерін нақты ажыратып алуымыз қажет.

Құзырет – белгілі бір заттар мен процесстерге қатынасына байланысты туындайтын, оларға сапалы түрде әрекет етуге бағытталған тұлғаның өзара байланысқан қасиеттер жиынтығы (білімдер, дағды, шеберлік).

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде құзыретке келесі дәстүрлі сипаттамалар берілген:

- Саяси және әлеуметтік құзырет, өзіне жауапкершілік алуға және біріге шешім қабылдауға байланысты.

- Құзырет, шыдамсыздықты жоюға, әртүрлілікті түсінуге, мәдениеті, тілі және діні басқа адамдармен өмір сүруге қабілеттілік.

- Құзырет, бұл қоғамдық өмір мен кәсіби әрекетте жазбаша және ауызша түрде қарым-қатынасқа түсу.

- Құзырет, ақпараттық қоғамның пайда болумен байланысты: жаңа технологияларды игеру, олардың күшті және әлсіз жақтарын жетік түсіну.

- Құзырет, өмір бойында үйренуге ұмтылу, тек кәсіби ғана емес, сонымен қатар жекелей және қоғамдық өмірде.

«Құзырет» түсінігі көп жағдайда келесілерге белгілеуге қолданылады:

- Алға қойған мақсатқа жету үшін әдістер мен амалдарды қолдану іс-әрекеті.

- Қоршаған ортаны жетілдіру мақсатында алға мақсат қоя алу және оған жетуге қолданылатын, білім, шеберлік және дағдының керекті формасының жиынтығы.

Егер педагогтың кәсіби құзыреті жайлы айтсақ, бұл жерде мұғалімнің, тәрбиешінің, педагогтың жекелей және тиімді түрде педагогикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін жекелей мүмкіндіктері айтылады. Қандай да бір педагогикалық тапсырмаларды орындау үшін міндетті түрде педагогикалық теория, шеберлік, дағды және практикада оны қолдана алу қабілеті қажет. Педагогтың кәсіби құзыреті – бұл оның еңбегіндегі педагогикалық әрекет пен педагогикалық қарым-қатынастың әртүрлі жақтарының жиынтығы.

Қазіргі кезде кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болып келеді.

Б.Т.Кенжебеков жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін зерттеу барысында кәсіби құзыреттілік ұғымына мынадай анықтама береді: «кәсіби құзыреттілік-бұл кіріктірілген іргелі білімдер, адамның қабілеттері мен жинақталған біліктіліктерінің, оның кәсіби маңызды сапаларының, технологияны жоғары деңгейде меңгеруінің, мәдениеті мен шеберлігінің, ұйымдастырудағы шығармашылық әрекетінің, өзін-өзі дамытуға дайындығының бірігуі».

Г.Ж.Меңлібекова болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына үлкен мән береді. Оның пікірінше, әлеуметтік құзыреттілік - адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері.

Бүгінгі педагогика ғылымындағы жаңа көзқарас бойынша тұлғаға бағдарлы үлгі балаларға білім негіздерін беруді емес, оқу және өмірлік жағдаяттарда алған білімдерін шығармашылықпен қолдануына, түйінді және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы өзін-өзі дамытуына, қоршаған шынайылықты түйсінуге, өзінің даралығын сезінуге, негізгі оқу және айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін ой елегінен өткізуге жағдай жасауды мақсат етеді.

12 жылдық білім беруге көшуде мектеп алдына негізгі үш бағыт басшылыққа алынады: оқушының жеке қабілетін, әлеуметтік мүмкіндіктерін, ішкі қажеттіліктерді есепке ала отырып, жеке-даралық бағытта оқыту. Бұл бағыттарды жүзеге асыру үшін мұғалім негізгі үш компонентпен таныс болуы тиіс. Олар: инварианттық компонент–мемлекеттің базалық оқу стандарты жүйесіндегі талаптар мен мазмұндарға жауап беретіндей жалпы міндетті оқу

жоспарының бөлімін меңгеру; профильдік компонент–профильдік оқу стандарты талаптарының мазмұнында көрсетілгендей оқу курстарының тереңдігін, оқылатын пәндердің өзара байланыстылығын меңгеру; тұлғалық компонент–оқушылардың өзіндік зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға байланысты арнайы таңдау курстарын, оқу жоспарларын меңгеру.

Әдетте, білім берудің мақсаты педагогтың білімі, шеберлігі, дағдысы бірлігінен тұратын қасиеттермен анықталады. Бүгінгі таңда бұндай анықтама жеткіліксіз. Социумға көп білетін, көп сөйлейтін адамдар емес, өмірлік және кәсіби проблемаларды сапалы түрде тәжірибесіне сүйене шеше алатын адамдар қажет. Ал бұның барлығы алынған білімге, шеберлікке, дағдыға байланысты емес, «құзыретілік» пен «құзыретті» түсініктері қолданылатын қосымша қасиеттерге байланысты.

Қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бет бұрып, соған сәйкес білім берудің парадигмасының өзгеруі және бүгінгі күнгі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен болашаққа қарай ұстанған бағыты білім беру мекемелерінің жаңа бағдарын анықтап, мамандардың құзыреттілігін көтеруді талап етіп отырғандығына байланысты болып отыр.

Қолданылған әдебиет

1. ҚР білім туралы заңы. А., 1999жыл.
2. Маркова М.М. Психология труда учителя. М.,1993.
3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің өз бетінше кәсіби білімін көтеруінің теориялық мәселелері // Бастауыш мектеп. -Алматы, 2001. -№ 12. -Б.51-52.
4. Бастауыш мектептер дамуының үрдістері //Қазақстан мектебі. - Алматы.2009,№5. Б.56-59.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т-4, А., 1987.
6. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дидактикалық құзыреттілігі - педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың негізгі факторы // Білім берудегі менеджмент. – Алматы, 2009. -№1. -Б. 73-75.

УДК 159.929 (075.8)

ПРОБЛЕМЫ ПРИВЫКАНИЯ И АДАПТАЦИИ СОБАК К ДОМАШНИМ УСЛОВИЯМ

Арманқызы Амина

ameka97@mail.ru

Студентка 1 курса специальности «Психология»

Казахстанского инновационного университета, Семей, Казахстан

Научный руководитель – Ж.Г. Жакиянова

Дружба человека и собаки насчитывает тысячелетия. Доказательством служит то, что при раскопках стоянок первобытных людей находят многочисленные останки собак. О том, как возникла эта дружба, сейчас можно только догадываться, но бесспорно одно - с самых давних пор собака верно служит человеку.

Бесконечно преданные, они своей любовью приносят радость одиноким людям. Рядом с собакой ребенок никогда не вырастет жестоким, он научится быть в ответе за другое существо. Сколько веселых минут доставит пес своими играми и проказами. А если возникает опасность, даже самая маленькая и слабая собака самоотверженно бросится на защиту хозяина.

Собаки любых пород отличаются искренней привязанностью к хозяину. И если тот платит собаке тем же, между ними возникают особого рода чувства, отношения,